

Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 396 "Атырау облысы бойынша жер қатынастары саласында мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 4 шілдедегі № 209 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 тамызда № 2616 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 125 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2013.03.29 № 125 ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1429 "Мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 ақпандағы № 102 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Атырау облыс әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 396 "Атырау облысы бойынша жер қатынастары саласында мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2604 болып тіркелген, 2012 жылғы 3 мамырдағы № 49 "Атырау" газетінде жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген "Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актілер ресімдеу және беру" мемлекеттік қызмет регламентінде:

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"1) тұтынушы осы Регламенттің 15-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 6 жұмыс күнін құрайды, жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актінің телнұсқасын берген кезде – 4 жұмыс күні;"

2) көрсетілген қаулымен бекітілген "Тұрақты жер пайдалану құқығына актілер ресімдеу және беру" мемлекеттік қызмет регламентінде:

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"1) тұтынушы осы Регламенттің 15-тармағында айқындалған қажетті

құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 6 жұмыс күнін құрайды, жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актінің телнұсқасын берген кезде – 4 жұмыс күні;"

3) көрсетілген қаулымен бекітілген "Уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына актілер ресімдеу және беру" мемлекеттік қызмет регламентінде:

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"1) тұтынушы осы Регламенттің 15-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 6 жұмыс күнін құрайды, жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актінің телнұсқасын берген кезде – 4 жұмыс күні;"

4) көрсетілген қаулымен бекітілген "Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актілер ресімдеу және беру" мемлекеттік қызметрегламентінде:

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"1) тұтынушы осы Регламенттің 15-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 6 жұмыс күнін құрайды, жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актінің телнұсқасын берген кезде – 4 жұмыс күні;"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.О. И с м ұ р а т о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Рысқалиев

" К Е Л І С І Л Д І "

Атырау облысы бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік

кәсіпорны филиалының директоры Қ. Қоныс

2012 жылғы 4 шілде

Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының

Атырау еншілес мемлекеттік кәсіпорынның

директоры

Қ. Теміров

2012 жылғы 4 шілде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК